

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,  
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және  
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған  
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»  
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

2020 жылдың 15 мамыры

### **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
«Психология здоровья человека  
в глобализирующемся мире»  
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,  
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова  
15 мая 2020 года

### **PROCEEDINGS**

International scientific conference about  
«Psychology of human health in a globalizing world»  
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,  
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and  
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

**УДК 159.9 (063)**  
**ББК 88,3**  
**П 86**

**Редакционная коллегия**

**Қашхынбай Б.Б.**-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

**Сламбекова Т.С.** - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

**Айкинбаева Г.К.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Мамбеталина А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Нурадинов А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Рыскулова М.М.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Исаханова А.А.** – PhD психологии

**Организационный комитет**

**Ақымбек Г.Ш.** -магистр психологии

**Бурдесбекова У.И.** -магистр педагогики

**Құнанбаева А.Ж.** -магистр психологии

**Лекенова А.**-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

**ISBN 978-601-337-343-0**

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

**ISBN 978-601-337-343-0**

**©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020**

**©Кафедра социальной педагогики и самопознание**

**ЕНУ им Л.Н. Гумилева**

білген, халыққа арқа сүйеген саналы күрескерлер. Бұл тұста жазушы романға қатынастырған әрбір адамның орнын тауып жұмсап, өмір шындығын молынан қамтығысы келді.

Тарихтағы революция мен азамат соғысы жылдарындағы дәуірдің әр қилы аласапыран құбылыстары Жайық өлкесінде көрініс тапты. Хамза Есенжановтың романдары Жайық бойындағы елдің революция қарсаңындағы өмірін, революцияға келу жолын, ондағы азаттық идеяларының тарауын, ауылды советтендіру кезіндегі тап тартысының әр қилы шындығын эпикалық тұрғыда суреттеп берді. Жазушы жасап кеткен қазына әдебиеттің алтын қорының мәңгілік мұрасы.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Есенжанов Х. Публицистикалық мақалалар. – Алматы: Мереке, 2014. – 342б.
2. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: «Ғылым», 1991. – 60 б.
3. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ. 1962. – 85б.
4. Қирабаев С. Революция және әдебиет. I том. — Алматы: Жазушы, 1977. – 185б.

**ӘОЖ 159.922**

## **ДІНИ-ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Мамыр Гүлнұр Қайратқызы**

[mamyrgulnur@mail.ru](mailto:mamyrgulnur@mail.ru)

5B050300 «Психология» мамандығы, 4 курс студенті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан  
Ғылыми жетекші: Ж.К. Аубакирова

Психологияның дербес ғылым ретінде дамуында көрнекті өкілдер «діншілдік феноменіне» назар аударды. Оның ішінде Э. Фромм, К. Роджерс, К. Юнг, З. Фрейд, А. Маслоу, В. Франкл, У. Джеймс осы салаға байланысты бірнеше жұмыстар жасап көрсеткен[2].

Қазіргі заманғы зерттеуші ғалымдардан К.К. Платонов, И.Н. Яблоков, И.С. Кон, М.Г. Писманик, Ю.М. Орлов «діншілдік» мәселесін жан-жақты және көптеп қарастырды. Осыған байланысты көп қолданысқа енгізілетін ауқымды сұрақтардың қатарына діни мінез-құлық, діни сана, сенім, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері кіреді.

Н.А. Аманжолованың еңбегінде деструктивті діни ағымдар қоғамдық қауіпсіздікке, неке және отбасы институтына, адамның дене және психикалық денсаулығына қауіп төндіретіндігі айтылып кеткен. Оның ізбасарлары діни деструктивті ағымдарға мынандай түсініктемелер береді:

- Қазақстанда тұратын барлық этностардың ұлттық салт-дәстүрлері мен құндылықтарын жоққа шығарады. Оның ішінде «Құран» оқу,

«Наурыз» мей-рамы, «Сәлем салу», ұлттық салт-дәстүрлер, «беташар» және тағы да басқалар;

- Зайырлы мемлекетке, өмір салтына агрессивті көзқарас таныту;
- Мәдениет және өнердің заманауи түрлеріне (бейнелеу өнері, музыка, балет, би, опера, концерт және т.б. ) агрессивтілікпен көңіл аудару;
- Заңмен белгіленген міндеттерден орындаудан бастарту ( міндеттелген орта білім алу, әскерде борышын өтеу және т.б.);
- Орталық Азияда оның ішінде Қазақстан мұсылмандары ұстанатын дін-ді мойындамайды;
- Қазақстанда дәстүрлі Исламның ізбасарларын діннен бастартушы деп санайды, басқа дін өкілдерімен қатар дінді ұстанбайтын адамдарға агрессив-тілік көзқараспен қарайды;
- Мемлекеттің рәміздері мен мерекелерін мойындамайды[3].

С.Б. Балшыкеевтің еңбегінде көрсетілген деструктивті діни ағымдардың белгілері:

1. Ұлттық салт-дәстүрлерді терістеу, оларды ұстанудан толықтай бастарту.

2. Неке кию мен және ажырасуы өздерінің діни талаптарына сай ерекше болуы;

3. Заңдарды, билік және басқару органдарын мойындамау нұсқамалары-ның болуы;

4. Елдің азаматтарының қауіпсіздігіне, денсаулығына, өміріне, имандылығына, құқықтары және бостандықтарына қауіп төнгізетін діни араздықпен алауыздықты күшейтетін ұйымдардың бар болуы;

5. Ұлттық мәдениетпен тілге зиян келтіретін белгілі бір сөз тіркестерін, жаргондарды, сөздерді қолдану туралы нұсқаулардың қолданылуы;

6. Барлық әйел адамдардың киім үлгісінен ерекшеленуі, талаптарға сай емес киім киюі жатады және оның ішінде кәмелеттік жасқа толмаған қыздарға өз еркінен тыс киім кигізуі;

7. Мәдени-бұқаралық іс-шараларға, ойын-сауық және музыкалық бағдар-ламалар мен теледидар көруді шектеу;

8. Адамдарды дінге шынайы сенетіндер және дінге сенбейтіндер деген екі бөлімге бөліп қарастыру.

С.Б. Балшыкеевтің еңбегіндегі ерекше назар қоятын тағы бір еңбегі: мәдениетке, ұлттық дәстүрлерге және елде болып жатқат жағдайлардың барлығына теріс көзқараспен қарауы және ерекше киім киіп жүруі. Оның ішінде киім киюіне байланысты гендерлік ерекшеліктеріне байланысты бөледі:

## Гендерлік

Ерлер	Әйелдер
<ul style="list-style-type: none"><li>- ретсіз өсіп келе жатқан сақал-мұрт;</li><li>- кең балақты қысқа шалбар .</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- кең пішінде тігілген толығымен денесін жасырып тұратын бурка, паранджа, чадра, хитмар, хиджаб киюі;</li><li>- көбінесе қара түсті және сол тәрізді ( қара қоңыр, қара көк, сұр) түсті киімдер.</li></ul>

**Сурет 1** С.Б Балшыкеев бойынша гендерлік ерекшелікке байланысты сыртқы келбеті.

С.Б. Балшыкеевтің ғылымда дін адамын зерттеуі өзгелердің көптеген қызығушылықтарын тудыруда. Ол қызығушылық тұлғаның әртүрлі аспектілерін ғана емес, оның тұлғалық мәртебесін анықтай отырып, оған әртүрлі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың назарын аударумен байланыстарғаны[4].

Менің ойымша, діни деструктивті ағымда діни тұлғаның барлық қырларын, оның ішінде «Мен» концепциясының мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін психологиялық тәсіл ең тиімді болып табылады.

И.Ю. Гагариннің пікірінше, деструктивтіліктің объективті критерийі қоғамдық өмірдің доктриналдық ұстанымдарына байланысты жаңа діни қозғалыстың әдептерін бұзу және қылмыстық кодексте көзделген нақты қылмыс-тарды жасау болып табылады[5].

Н.В. Петровтың еңбегіндегі деструктивті діни ұйымдарының негізгі критерийлері:

- қазіргі Конституция негіздеріне және мемлекеттіліктің рәміздеріне, дәстүрлі этномәдениетке, қоғамның мораліне және халықтың менталитетіне, дәстүрлі діндер құндылықтарына және мәдениеттен тыс әлеуметтік көзқарасқа те-ріс қарау;
- психологиялық әсер етудің, гипноздың, сананы бақылаудың, мінез-құлықтың, ойлау мен эмоциялардың заманауи әдістемелерін қолдану, әдептермен олардың өмір салтына теріс әсер ететін жалпы және психикалық, физикалық пен эмоциялық жағдайда психотроптық заттарды қолдануы;
- ұлттың санасын, ойлауы мен мінез-құлқына психологиялық әсер етеін әдістерді экстремистік бағытта ұсынуы;
- Адам тұлғасының тәуелсіздігі және бостандық құқының бұзылуы, өміріне зиян келтіру және өз-өзіне қол жұмсау жұмыстарының жүргізілуі;



М.П. Клейменов бойынша діни деструктиві ағымда адамдардың санасы-на, сезімдеріне, еркіне қатаң бақылау орнатады. Олар:

- өздерінің қолданатын кітапшаларын тарату және жарнамалау;
- адептерге ұйым алдында кінәлі сезімін ояту, осы ұйымнан шыққысы келетіндерге психологиялық қысым көрсету;
- ойлау қабілетін басу, жақын адамдарымен (оның ішінде отбасы мүшелерімен, достарымен және т.б.) қарым-қатынасын алшақтатуды талап етеді;
- тек өздерінің ұйым мүшелерімен қарым-қатынас шеңберін шектеу, бос уақытының болмауы, ұйымнан тыс жеке өмірінің бомуын талап етуі[6].

Діндегі «Мен» тұжырымдамасын сипаттау үшін «Діншілдік» ұғымын толық білуіміз қажет. Діншілдік - бұл адамның сыртқы ( мінез- құлықтық) және ішкі (рефлексивті-мағыналық) белсенділігінің трансценденттік, тәжірибеде көрініс табатын және оның психологиялық ұйымының ерекшелігі мен функция-ларын беретін сипаттама. Бұл анықтама «Мен»-концепциясының дәстүрлі үш компонентін қамтиды: аффективті, когнитивті және мінез-құлықтық.

В.А. Янчуктың еңбегінде «Мен тұжырымдамасы» - бұл салыстырмалы түрде тұрақты, көп немесе аз дәрежеде саналы, индивидтің өзі туралы жеке көзқарас жүйесі, оның өмірлік тәжірибесінің нәтижесі болып табылады, оның негізінде ол басқа адамдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Чарльз Глоктың ойынша, адамның діншілдігі қандай да бір дінге бейімділігіне қарамастан көрінеді және адамның діни өмірін толық сипаттауға мүмкіндік беретін бес негізгі өлшемнен тұрады:

## Кесте 1

### Ч.Глоктың сипаттық өлшемдері

Эмпирикалық өлшем	тікелей білімге қол жеткізуге, шынайылыққа немесе діни эмоциялар тәжірибесіне әуестену, қорқыныш, кішіпейілділік, қуаныш пен бейбітшілік түрінде жатады.
Идеологиялық өлшем	барлық діндерге ортақ, діни адамның өз діни шеңберінде белгілі бір наным- сенімдерді ұстануы тиіс.
Ритуалдық өлшем	жеке діни бірлестіктерден немесе қауымдастықтардан күтілетін белгілі бір діни тәжірибелер кіреді, оларға намаз, қызмет, қажылық және тамақтану кіреді.
Зияткерлік өлшем	діндар адам өзінің сенімі мен діни еңбектерінің негізгі қағидалары туралы біраз білімі болуы керек деген үміттен тұрады.
Жанама өлшем	адамның діни сенімдері айтарлықтай әсер ететін, басқаларға деген қатынасты анықтайтын діни ұстанымдар бар дегенді білдіреді.

Бұл тәсіл діншілдік пен діни өмірді психология тұрғысынан эмпирикалық зерттеуге мүмкіндік берді, өйткені "зияткерлік өлшем" зияткерлік қызметпен байланысты, қоғамдық және жеке діни практикалар мінез-құлқымен байланысты, ал "эмпирикалық өлшем" тәжірибеге, эмоцияларға және қабылдауға не-гізделген.

Когнитивті компонент-зияткерлік саланы қамтиды, оған өз сенімінің және қасиетті жазудың негізгі қағидаттары туралы білім, дін туралы ой-сана және оған деген қызығушылық, діни күмән, діни әдебиетті оқу, Құдайдың абсолют-тік қайырымдылығына сенім кіреді. Сенімдер мен құндылықтар саласы (ирра-ционалдық сала) Құдайға немесе табиғаттан тыс күштерге деген сенімділікті, сондай-ақ, діни доктринаның (теорияның) болуын және оқиғаларды діни түсін-діру қабілетін қамтиды. Екі сала бір-бірімен тығыз байланысты, танымдық ком-понентті құрайды, өйткені сенім туралы білім оны қабылдауға қажетті шарт болып табылады. Когнитивті компонент өмірдің түрлі салаларында икемді көрінетін өмірлік нанымның жалпы жүйесіне біріктірілген діни нанымның келісілген жүйесінің қалыптасуын көрсетеді.

Сондай-ақ, мінез-құлық компоненті жеке тұлғаның психологиялық ерек-шеліктерін ескере отырып, діни белсенділіктің түрін, стилін (мәнерін) және жиілігін таңдауға мүмкіндік беретін жеке діни мінез-құлықты қамтиды.

Дін психологиясының танымал американдық зерттеушісі О. Странк 1959 жылы дін психологиясының алдында байқалатын үдерістер аясында келесі мүмкіндіктер болатынын жазды:

## Кесте 2

О.Странк бойынша дін психологиясының мүмкіндіктері

	Дін психологиясы постральдық психологияға сіңіп кетеді немесе оған қосымшаларға айналады және ғылыми пән ретінде өзіндік бетін жоғалтады;
	Дін психологиясы жалпы психологияның бір бөліміне айналды;
	Дін психологиясы психоанализ және психиатрияның бір бөлігі болып келеді;
	Дін психологиясында оның барлық аспектілері дінге ғылыми көзқарасты белгілеу үшін ортақ термин болады: әлеуметтік, психологиялық, психиатриялық.

Осы орайда Дін психологиясының танымал зерттеушісі Уильям Джеймс, дін психологиясының алғашқы психологияның құрылу кезінде қатар бірге құрылғандығын атап кеткен.

Дін психологиясына деген жалпы қызығушылық ІХ ғасырдың 30 жылда-рында жоғары деңгейде бастау алды. 1969 жылы «Дін психологиясы» бойынша одақтық конференциялар өтті.

Дін психологиясы қазіргі заманғы психологиялық салалармен және бағыттармен (қазіргі уақытта қырықтан көп) байланысты, бірақ бұл жағдайда олардың кейбірі ғана қарастырылады. Ақпарат қажет болған жағдайда жазбаша, бірақ мүмкіндігінше оның қолданбалы аспектілеріне назар аудара отырып баян-далады.

Дін психологиясының элеуметтік-психологиялық мәселелері діни топтың (қауым, ұйым, деструктивті ағымдар, секта) элеуметтік психологиялық құры-лымын, қарым-қатынасын, еліктеу тетіктерін, сенушілердің сана-сезіміне және мінез-құлқына олардың әсерін, сондай-ақ топтық ұжымдық діни эмоциялардың, формальды және формальды емес қарым-қатынастардың динамикасын зерттеу-ден тұрады.

Тұлғаның психологиялық қасиеттерін (темперамент, мінез, қабілет) зерт-теу жалпы психология үшін де, дін психологиясы үшін де орталық болып табы-лады. Бұл ретте діни тұлғаның феноменін зерттеу жеке тұлғаны түсіну үшін де маңызды болар еді[7].

Христиан сезімдері мен эмоциялары (сенім, үміт, махаббат, кішіпейілділік), сенім мен білім арақатынасының мәселелері, ерік бостандығы, жадыны тазарту, зейінді дамыту, қиялды шектеу, сенсорикамен жұмыс істеу (сезім ор-гандарын сақтау және тазарту), жалған күйлермен күрес және тағы басқа. Психологиялық білім христиандықта мазмұны бойынша өте күрделі және өзіне назар аударатын қарым-қатынасты талап ететін көлемді ілімді құрайды.

Дін психологиясының дифференциалды-психологиялық мәселелері діни тұлғалардың нақты психологиялық типологиясын анықтау, жеке діни тәжіри-бенің ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Бұл проблемалардың шеңбері жалпы психологиялық жоспардың проблемаларына сүйене отырып, салыстыр-малы-антропологиялық проблематикамен және діни және мәдени ерекшелік-терді салыстырумен байланысты.

Дін психологиясында олардың қолдану ерекшеліктері тұрғысынан психологиялық әдістер мен әдістемелерді талдау мәселесін қарастыра отырып, мыналарды атап өту керек.

Дін психологиясының жасерекшелік мәселелері әртүрлі болып келеді. Ең алдымен, бұл жасқа байланысты дінге қарым-қатынасты зерттеу. Бірінші жа-қындағанда мұнда төмен қарай төңкерілген қоңырау тәрізді қисық сызық байқалады: жасөспірімдер жасындағы діндарлық аз болғанда, дербестік пайда болған кезде, беделдермен күрес, бірақ балалық шақтағы дінге деген қызы-ғушылықты және ересек жастағы дінге қайта оралғанда, әсіресе қарттыққа жа-қындағанда, «ойланатын уақыт пен жан туралы» делінген. Психологияда жас дағдарысы мен сенситивті кезеңдер туралы ілім бар,



олардың кейбіреулері адамгершілік немесе дүниетанымдық туралы. Дін психологиясының мәні олар-ды діни аспектіде зерттеу болып табылады.

Дін психологиясының педагогикалық-психологиялық мәселелері 1985 жылы ғылыми негізделген және әдістемелік сауатты баланың өміріндегі діннің орны мен рөлін зерттеуге болады. Балалар жиі дінді ойнайды, өздері көрген салт-дәстүрлерді қайталайды немесе өз ойларын айтады, яғни олардың ішкі қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Кеңес уақытында балаларға дінді күштеп мәж-бүрлеуге болмайтынын, бірақ осы мәселенің басқа жағы да бар екенін атап өткен жөн: баланы діннен күштеп айыруға болмайды (еркін діни сенім құқығы Конституцияда жазылған, бірақ оны тек кәмелетке толған адамға ғана жатқызады).

Эксперименталды психология өз дамуының ұзақ тарихы бар және қазіргі уақытта үлкен тармақталған пәнге айналды, оның негізгі міндеті психологияда не және қалай дұрыс өлшеуге болатынын анықтау болып табылады. Бірақ діни-психологиялық құбылыстарды өлшеу кезінде таза психологиялық проблема-ларға әдістемелік және рухани қиындықтар мен шектеулер қосылады. Діни- психологиялық зерттеулердің кейбір объективті және субъективті, әдістемелік және әдіснамалық шектеулері бар болады.

К. Борбасовтың еңбегіндегі нәтижелер бойынша деструктивті ағымдар адам үшін көп деңгейлі алдау мен психологиялық қысым болуымен қауіпті. Жалған діни ұйымдар мен табынушылардың барлық көшбасшылары патологиялық алаяқтар болып табылады және өз ізбасарларынан тікелей экономикалық пайда алады. Оның ойынша қазіргі таңда деструктивті ағымдағы діни ұйымдардың көптеп кездесуі ол ақпараттық құралдарда көп айтылатығында. КСРО кезінде осы ағымдар бойынша ақпараттар еш жерде жарияланбайтындығынан ұйымдардың саны мүлдем аз болатындығын көрсеткен.

ТМД-да 1990 жылдары діни қозғалыстардың, діни құрылымдардың дәстүрлі емес бағыттағы діни ілім ұйымдарының жаппай таралуы біліне бастаған. Ырымшылдықтың тұтқынында тұрғанын мойындау керек деп есептейді. Кеңестік билік кезінде кез келген діни көріністер қудаланды, оның орнын коммунистік идеология алды. Нәтижесінде халықтың көпшілігі діни сауатсыз болып шықты. Көптеген адамдарда руханилықтың табиғи шөлі мен дінге деген қажеттілік жинақталған және діни дәстүрлердің болмауы жағдайында адамдар мүлдем белгісіз наным-сенімдерге және діни құрылымдарға деген сенімдерді іздеудемен жиі бетпе-бет келді.

Діни ағымдар жайлы түсініктің жойыла бастауы кезінде Қазақстанда халықтардың материалдық және әлеуметтік жағдайы күрт төмендеуі қоғамдағы экономикалық депрессия кезеңі деп басталды. Осы тұста өз-өзін жоғалту, өзгеріске ұшыраған қоршаған әлемде өз рөліне бейімделуде қиындықтар ту-ғызды. Бұқаралық ақпарат құралдарынынан адамдарға рухани білім беріле бастады. Дін туралы оң феноменді көзқарастар пайда болып, кез-келген діни ұйымның мүшесі болу құқығы енгізілді. Алайда, осы жағдайлар арамызда жат ағымдардың пайда болуына түрткі бола бастады: деструктивті сипатқа ие діни құрылымдардың пайда болуы, таралуы және дамуы, батыстан таралуы бақы-ланбаған әртүрлі діни ілімдер ағына келді.

Жаңа діни ұйымдар 2011 жылға дейін миссионерлік қызметпен табысты айналысты. Белгілі бір уақытта діндердің мәні мен рөлін қарастыру қалыптаспаған, діншілдік тек оң ғана емес теріс болуы мүмкін және әлемде діни ұйымдардың үлкен саны бар екендігі мен олардың көпшілігі терең деструктивті болуы мүмкін екендігі кейінінен байқала бастады.

Мұндай діни топтарға қатысты Бұқаралық ақпарат құралдарында және әдебиеттерде «секта» атауы беріледі. Ал бұл қате анықтама.

Деструктивті ұйым дегеніміз-жеке адамның табиғи рухани, психикалық және физикалық жай-күйіне қатысты қиратушы, зорлық-зомбылыққа, ырықсыздыққа, дінаралық және ұлтаралық араздықты қоздыруға шақыруды жүзеге асыратын, азаматтық борышты, отбасылық міндеттерді, қоғамдық тәртіп нор-маларын, адамгершілік пен моральды орындаудан бас тартуға итермелейтін кез-келген бағдардағы авторитарлық иерархиялық ұйым.

Деструктивті ағымдар адам үшін қауіпті ұйым. Олар мәлімдеуге болмай-тын діни, саяси, жекеменшік тұжырымдамаларды ашық жасайды, көптеген қау-іпті әдістерінің бірі психологиялық қысым.

Діншілерде тоталитарлық дүниетаным қалыптасады, бұл әлемді екі дүш-пандық лагерьге бөлетін «біз/олар» синдромының дамуынан топтық мүдде-лердің басым болуына және дамуына әкеледі: «біз» (табынушылар) және осы табынуға жатпайтын басқа да адамдар. Топтық еркі жеке еріктен жоғары бола-ды, элитарлық сезім, табыну-жақсы, табынудан тыс әлем-жаман, онда құтқару жоқ, демек, артқа жол жоқ. Барлық табынушылықтар үшін олардың сенімі аб-солютті шындықты білдіреді деген сенім бар. Көптеген деструктивті ағымдағы адамдар үшін достарымен, өткен қызығушылықтарымен, жұмыстарымен және оқулықтарымен алшақтық тән. Барлық ойлар мен сана-сезімдер өмір мен табы-нудың ортақ мүддесінде шоғырланады.

Олардың қауіптілігі жеке адамға әсер ету салдары, адамдар тобы жиі қай-тымсыз болып табылады. Адамға дене және психикалық денсаулығына елеулі зиян келтірілуі мүмкін, соның салдарынан әртүрлі аурулар дамиды, адамның адамгершілік келбеті, тұлғалық құндылықтары бұзылады.

Сонымен қатар, адамға материалдық залал келтірілуде, өйткені жалған діни ұйымдардың қызметі ең алдымен оның мүшелерінен материалдық пайда алумен (пәтерлерді, өзге мүлікті сату, ұйымды дамытуға қаражат салу) байланысты. Яғни, адамның санасына оның мүлкі мен ақшалай қаражатын иелену мақсатында ие болу орын алады.

Жалған діни ұйымдар мен табынушылардың барлық көшбасшылары па-тологиялық алаяқтар болып табылады және өз ізбасарларынан тікелей эко-номикалық пайда алады. Олар үшін діни идеялар іс жүзінде тек періштелер, жа-мандар қызмет етеді, олар үшін билік пен материалдық пайданы жасырады.

Деструктивтілік діни де, жалпы әлеуметтікте осы социумның нормаларын, құндылықтарын, байланыстарын, кейде институттарын, соның ішінде нақты-тарихи жағдайларда объективті-қажетті нормаларды бұзуға бағытталуын болжайды. Бұл жағдайда әңгіме теориялық жүйелердің айқын

немесе жасырын сипаттамалары не олардың арандатқан мінез-құлық түрлері, қоғамға қалыпты қызмет ету үшін қажетті діни өмір сүрудің әбден қабілетті нысандары туралы болып отыр.

Діни сенім - ең талапшыл қызығушылық, барлық басқа құндылықтарды өзіне бағындыратын рухани мүдделерді іске асыру. Барлық өзге мүдделер – әлеуметтік, танымдық, эстетикалық – діни сенімге бағынады, кейбір жағдайларда мүлдем тыңдамай бағыну.

Діни өмірде осындай жүйелердің негізі-сенім. Сенім түсінігі жеке тұлға-ның шектік көкжиегін қалыптастыратын акт, жеке болмыстың барлық "шека-ралық жағдайлары" шоғырланатын оқиға болып табылады. «Сенім - бұл үлкен қызығушылық және адамның шекті қызығушылығын білдіру мен іске асыру».

«Кез-келген ... жағдайда адамға шекті орындау» уәде етілген, ал сөзсіз талапқа бағынбаған жағдайда оған осындай орындаудан алып тастау қаупі төніп тұр. Діни сенімнің бұл сыртқы көрінісі жеке тұлғаның өзін-өзі айқындауы мен өзіндік анықталуы, экзистенциалды «игеру», діни құндылықтар мен мағыналарды интериоризациялау, сонымен қатар діни тұлға ретінде оны әлеу-меттендіру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. «Іссіз сенім өлді» деген жаңа өсиет - бұл классикалық, тіпті бұл жағдайдың дәстүрлі көрінісі. Сондықтан дін ешқашан «жеке іс» бола алмайды. Шынайы діни сенім, тіпті ең интровертивті, міндетті түрде белгілі бір әлеуметтік белсенділікті, діни қыз-метті – діни әрекет ұғымына жақын ұғым деп болжайды. Сенімділікті шектік мүдделілік жағдайы ретінде анықтай отырып, сенімнің нысаны мен мазмұны сенушінің өзі үшін маңызды деп айтуға болады, бірақ сенімнің нысанын ресми түрде анықтау өте қиын[8].

Діни іс-әрекет жүйесіне қалыптасатын діни тәжірибе өз негіздерінде белгілі бір діннің антропологиялық моделін ерекшелейтін және осы практика барысында интериорияланатын субъективті мағыналардың жүйелерімен анықталады. Біздің ойымызша, діни деструктивтілікті талдауға жол белгілі бір дін, оның догматикасы, философиясы ұсынатын жеке тұлға моделінің негізгі экзистенциалды сипаттамаларын анықтау арқылы және осы модельді нақты діни практикамен және осы модельді интериоризациялаудың нақты тәсілдері-мен салыстыру арқылы жатыр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. А.Л Дворкин. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования – Нижний Новгород. 2002ж. – 554 б.
2. К. Юнг. О современных мифах: еңбектер жиынтығы / -М. Практика, 1994. – 252 бет
3. И.Ю Гагарина. Русское мистическое сектантство XVIII - начала XXI в исторический и социально-психологический аспекты. Москва, 2011ж – 109 б.
4. М.П Клейменов. Духовное здоровье нации и правопорядок // Здоровье нации и национальная безопасность.- М. 2006 ж. – 91 бет.

5. Н.В Петрова. Социальный контроль деструктивной деятельности новых религиозных организаций:./Башкирия, Уфа, 2006 ж – 102 б
6. В.С Агапов Становление Я-концепции в системе духовных потребностей подростков: -М., 1994. – 22 бет.
7. И.Н Торғаева. Психолого-акмеологические факторы формирования личности о профессиональной Я-концепции. Ульяновск, 2006 ж. – 16 б.
8. Е.В Чернышев. Особенности Я-концепций личности осужденных: Екатеринбург, 2005. – 5 б.

ӘОЖ 159.972

## АРТТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

**Мизам Айдана**  
mizamaidon@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
5В010100- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының студенті  
Ғылыми жетекші - Жұмабекова Ф.Н., п.ғ.к., доцент

"Әрбір бала - суретші. Балалық жастан өтіп, суретші болып қалу - басты қиындық" *Пабло Пикассо*

Арт-педагогика да, [арт-терапия](#) да – бала тәрбиесі мәселесі бойынша әлемдік тәжірибеде бағзыдан бері бар әдістер. Қазақстанда бұл сала енді ғана қалыптасу сатысында тұр. Аталмыш әдістердің алғашқысы ХХ ғасырдың орта шенінде, екіншісі одан бұрынырақта пайда болған. Жан-Жак Руссо – баланы түсіну үшін оның ойынын үзбей бақылау қажеттігін алғашқылар қатарында ұсынғандардың бірі. Алайда балалар ойыны арт-терапия әдісі ретінде мейлінше кештеу, [1920 жылы қолданыла бастады](#). Психосарапшылар балалар ойынын бақылай отырып, бүлдіршіндердің ойын барысында өзінің қобалжыңқы көңіл-күй ауанынан арылудың, өзінің мәселесін өзі «шешудің» бірегей нұсқасын түзіп шығатынына көз жеткізген. Арт-педагогикада негізінен дидактикалық ойындар, кескіндеме, фотосурет, музыка және би өнерлері белсенді түрде пайдаланылады.

Арт-терапия ұғымының өзі де ауру адамның психоэмоциональды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер ету, бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. Көбінесе ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған.

Арт-терапия әдісі ұлтаралық, отбасылық қарым-қатынастардың қанағаттанарлық деңгейде болмауына, басқа да құбылыстарға байланысты күйзеліске түсудің, көңіл күй тұрақсыздығы туындауының, жалғыздықты сезінудің, ашушаңдықтың нәтижесінде эмоционалдық даму қиындықтарын бастан өткерушінің психологиялық көңіл күйін түзуді дiттейдi [1].